

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES
INSTITUTE

№ 2/2023

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2023

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабек Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Казан федералды университеті, Казан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде

қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 15.06.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова,
Астана, Казахстан

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабек Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 15.06.2023 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor Daurenbekova L.N.
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editor-in-Chief Alimbayev A.E.
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabek D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryshzhan L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 15.03.2023 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БАЙЛИЕВА Ұ.Б., ДАУТОВА Б.Д.	Абай шығармаларындағы ақыл, жүрек, қайрат концептілерінің орыс тіліне аударылу ерекшеліктері.....	7
BAITELIYEVA ZH., KUDERINOVA K.	The peculiarities of the kazakh national speech culture...	22
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., ЕРҒАЛИЕВА С.Ж.	Интернет-коммуникация жанрларының ерекшеліктері.....	36
ЖИРЕНОВ С.А. НУРЕКЕШОВА Г.Р. НҮРСҰЛТАНҚЫЗЫ Ж.	Поэтикалық мәтіндердегі эмоционалдық- экспрессивтік бірліктердің психолингвистикалық сипаты.....	50
ЖОЛШАЕВА М.С. ШАДИЕВА Н.Х.	Қазақ тіліндегі күрделі құрамды етістіктер мәселесі.....	67
ИМАНБЕРДИЕВА С.Қ. ЕГЕНБЕРДІ М.Е.	Паремиядағы төрт түлік атаулары – ұлттық код.....	81
ҚАРТЖАН Н.Е., ИСАКОВА С.С., КЕНЖЕМУРАТОВА С.К.	Ертегі дискурсын зерттеу мәселесі: анықтамасы, жіктелуі және өзара байланысы.....	94
КОШИКБАЕВА Г.Д., ЕЛИКБАЕВ Б.К., БЫБРАЙЫМ А.О.	Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлеу актісінің модальдық мағыналары.....	109
ҚАЙДАРОВА Б.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптердің лексика-семантикалық ерекшеліктері.....	121
ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш.	Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі кірме сөздер қолданысы.....	133
ӨНЕРМ., МҰХТАРОВА Ф.С.	Қазақ тіліндегі түйе түсінігіне қатысты этнографиялық ұғымдар.....	153
САМСЕНОВА Г.С.	Динамика функционирования новостных медиатекстов.....	165
SHANEEN A., SAPINA S., KAUDIROVA A.	Individualization of the term formation process.....	180

ТУРЛЫБЕКОВА И.А., ОСПАНОВА Ж.Т., НУРКЕНОВА С.С.	Сөйлеу мінез-құлқын сипаттайтын фразеологизмдердің ерекшеліктері мен метафора түрлері (Т. Сәукетаевтың романы мысалында).....	193
ЧОБАНОВЛУ Ө., ӘШПРХАНОВА Қ., ЖҰМАТАЕВА З.	Мақал-мәтелдердегі ұлттық мінездің көрінісі.....	207

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЙТУҒАНОВА С.Ш. СҰЛТАН Е.Б.,	Көркем мәтінді семантикалық талдау: символдық бейнелеу.....	221
АРСЛАН М., ЖАЛЕЛОВ Д.С.	Шалкиіз толғауларындағы жауынгерлік рух.....	232
БАЙТАНАСОВА Қ.М.	Ауыл бейнесі және ұлттық таным.....	244
БОЛАТБЕКОВА Ж.Б., ЖҰМАҚАЕВА Б.Д.	Абай шығармаларының шет тілдеріне аударылуы мәселесі.....	259
GALYMZHANOV B.	The spirit of freedom jusip's famous works.....	270
ЕСПЕНБЕТОВ А.С. ЕРДЕМБЕКОВ Б.А. СМАГУЛОВА А.Т.	Абай қарасөздеріндегі адам мінездеріне тезаурустық талдау.....	283
КАЙИМОВ М.Ә., ХАЛИКОВА Н.С. ИБРАГИМОВА У.Б.	Бұқар жыраудың Абылай ханға арнаған жыр- толғауларының басты ерекшеліктері.....	296
САЙФУЛЛАЕВА Н.Б. КЕМЕҢГЕР Қ.Р. КЫНАДЖЫ Д.	Артур Конан Дойлдың «Жирен шаштылар қауымдастығы» әңгімесіндегі қазақ тілді аударманың поэтикасы.....	309
ТАМАБАЕВА Қ.Ө., РАЙЫМБЕКОВА Д.Л., ЖАНҚАЗЫ А.	Шерхан Мұртаза нақыл сөздерінің ұлттық сипаты және берілу ерекшеліктері.....	323

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӨДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

KAMIEVA G.K., BISMILDINAD.D., MOLDAKHMETOVA Z.N.	Folk wisdom – a tool for the development of speech competence.....	336
--	---	-----

XҒТАР 18.71.09

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.18>

Қ.М. БАЙТАНАСОВА 

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

(E-mail: k.baitanasova@mail.ru)

*АУЫЛ БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

Аңдатпа Бүгінгі қоғамдағы шапшаң өзгерістер жалпы адамзаттың санасына, әлеуметтік ортадағы болмысына, ұстанымына әсер етіп отыр. Ғылымдардың әлемдік даму тенденциясында жаһандық идеялардың даму динамикасын әсіресе, гуманитарлық ғылымдардың дамуынан бақылауға болады. Бұл ықпалдастық әдебиеттану ғылымынан да байқалады. Әр дәуір әдебиетінің ерекшелігі оның көтерген тақырыбынан, проблемасынан байқалады. Елдің, жердің киелілігі, ұлттық болмыстың берілуі – көркем шығарманың ажырамас бөлігі. Бұл көркем туындының әлеуметтік сипатынан, тақырыптық-идеялық болмысынан көрінеді. Қандай да тақырыптың көтерілуі кезең әдебиетінің ерекшелігінен туындайды әрі бұл тереңнен қозғалатын мәселе. Көркем шығармалардың қандай да бір тақырыптық жіктеулерге бөлінуі белгілі бір дәрежеде шартты деуге болады. ХХ ғасырдың жетпісінші жылдары әдеби шығармаларды тақырыптарға топтау сыншылардың жіктеуінен туындап жатыр деген пікір де орныққан. Қайткенде де кезең әдебиетінің өзіндік ерекшелігін сипаттауда, бағалауда оларды тақырыптық, идеялық тұрғыдан айқындап отырудың қажеттілігі болды. Осылайша әр шығармашылық өкілінің өз дәуірінде неғұрлым терең суреттейтін тақырыбы, қозғайтын мәселесі орнығады. Ал, белгілі бір ауыл, өңір құбылыстарын сипаттауда да аумақтық ерекшелік, топонимикалық атаулар, жергілікті өңірге тән айғақ-деректердің орын алатыны сөзсіз.

Түйін сөздер: ментальділік, ауыл прозасы, ұлттық болмыс, деректілік, көркемдік

Кіріспе. Ауыл тақырыбының әр дәуір әдебиетінде көрініс беріп отыруы әдебиеттің ментальді ерекшелігін айқындайды. Ауыл прозасы арқылы ұлттың ерекшелігі, дәстүрі, болмысы кең суреттелді. Ауыл кейіпкерінің бейнесі, мінез-құлқы табиғи болмысымен беріледі. Ол ауылда өмір кешіп жатса да, интеллектісі, ұлттық салт-дәстүрге, тарихқа деген көзқарасы өз ерекшелігімен

* Мақала ҚР ҒЖБМ ғылым комитеті қаржыландыратын BR 10965370 «Ұлы Жібек жолының тарихи топонимиясын ғылымдар тоғысында зерделеу» ғылыми-техникалық бағдарламасы аясында жазылды

көрінеді әрі шығарманың сюжеті бай, тілі аса көркем, айшықты болады. Ауыл прозасында ата-бабаның дәстүріне деген құрмет, әулет құндылығына деген терең сезім танылады. Ауыл тақырыбына арналған шығармалардағы белгілі бір ұлттық құндылықтар дәріптеледі. Яғни қандай да бір ұлттық бағалылықты сақтау үшін, болашақта маңыздылығын жоғалтпау үшін – оның барша болмысы ашылу керек. Ол үшін қаламгердің ауылда тұруы шарт емес. Өйткені қазіргі ауылдарда көпқасырлық тарихы бар жәдігерлер көзге көрініп тұрған жоқ. Тек ол туралы білетін жандар, көз көргендер арқылы жетеді. Ауыл-өлкенің тарихи қазынасы көнекөз қарттардың жадында сақталған. Ол есте ұйыған дүниелердің бүгінге жетуінің де өзіндік сипаты бар.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Проза жанрындағы ауыл тақырыбының көтерілу мәселесін қарастыруда талдау, жинақтау, даралау әдістері басты назарға алынып, мәтіндерден мысалдар келтіру арқылы дәйектеледі.

Талқылау мен бақылау. Проза жанрында әр түрлі тақырыптарға қалам тербеп, өзіндік көркемдік әлемін қалыптастырған Төлен Әбдіктің шығармаларынан осы ерекшеліктерді анық байқаймыз. Қаламгер қазақ прозасына сюжет желісі алуан түрлі, тақырыбы толымды, жаңашыл сипаты мол туындылар әкелді. Соның ішінде «Әке» хикаятының орны ерекше. Шығармада әкесі хал үстінде деген хабардан соң ауылына алып-ұшып жеткен Сайлауды суреттеуден басталады. «Бұрын колхоздың кеңсесі болған ұзынша кірпіш үйдің есігін қамыс албармен қоршап қойыпты. Әлдеқайдан күйіс қайырған малдардың пысылдаған дыбыстары естіледі. Қай жерде екені белгісіз бақпа үйректің қырқылдаған үні шығады» [1,6]. «Түпкі бөлмеге кіргенде барып дәл төрде – төсек үстінде кіп-кішкентай болып жатқан әкемді көрдім. Адамның жүдеген кезде мұншалықты кішірейіп кететінін білмеуші едім» [1, 6]. Ауылына келген Сайлаудың әкесіне деген сағынышы мен аяушылығы оның өмір жолына, басынан кешкен тарихына көз жіберуімен ұласады. Соның бірі – ашаршылық кезеңі. Қазақ қоғамында ашаршылық зұлматының терең болғаны белгілі. Малынан айырылып, жан баласы тентіреп кеткен заманда бір-бірінен көз жазып, сүйектері шашылып жатқан кезді көзбен көргендердің қайғысы ұзаққа созылды. «Қоян жылы азғантай малымыз қырылып қалды да, туыстарды сағалап, жер аяғы құрғасымен Жыландыға көшіп кеттік. Келесі жылы атты казак деген бәле шықты. Түс кезінде қырдан бір топ салт атты көрінді. Жақындағанда көрдік – иықтарында шошайған мылтықтары бар, әскерше киінген орыстар. Іргеке келгенде білдік – әкейді айдап келе жатыр екен» [1, 12]. Осы зұлматты жылдардың елесі әкесінің әулетіне қанша трагедия әкеледі. Хал үстінде жатқан әкесінің қазіргі күйіне сонау ызғарлы жылдар зардабының әсері болғаны анық. Шығармада шежірелі жылдардың шерлі естелігінің арасына кейде әкесінің әзілі де араласып отырады. Әкесінің құрдасы Қабиге нағашылы-жиенділердің әзіліне сала отырып: «Баяғыда әкесі Жыландыдан ойға жаяу құлаймын деп, орта жолда аштан өлгелі жатқан жерінен үйге әкеліп, аман

алып қалған едім. Кейін одан сен секілді ит туатынын білгенде сол жерден қозғамайтын едім ғой ...» [1, 13] – деген ащылау әзіл тек ауыл адамдарына тән мінез.

Ауыл өміріне арналған көркем шығармалардың сюжетінде сол заманның, ортаның ерекшелігіне сай әлеуметтік қайшылықтардың орын алып отыратыны кездеседі. Бұл әсіресе, әлеуметтік ортада, қоғамда жүріп жатқан өзгерістердің аясында көрінеді. Әсіресе, ұжымдастыру, байларды кәмпескелеу – тап өкілдерінің қақтығысын тудырып отыратыны белгілі. Хикаятта әкесінің халін сұрай келген Сайлау бір кезде өзі естіп өскен оқиғаны енді басқаша қабылдап, таниды: аштықтан үзілген туған-туысы, артель құру кезіндегі ауыл қарбаласы, халық жауы деген жала. Ал, қазіргі кездегі ауыл тақырыбындағы шығармалардың желісінде тап сондай үлкен қайшылық байқалмаса да, заманның күрт өзгерісіне деген наразылық, өткен ауыл тіршілігінің табиғатын сағынған сезім, кей жағдайда өкініш орын алатыны бар. Сондықтан да жазушы ауылға сирек жол түсетін кейіпкерін, қалалық болған мінез-құлқындағы өзгерісті, туған-туыстан ажырап бара жатқан болмысын суреттейді. Осы кезде бұрынғыға қарағанда сирек келетін кейіпкерінің сол келісінің өзінде ауылдың болмысын неғұрлым көбірек танып-түсінетіні байқалады. Сондағы кейіпкердің сезімі басым орын алады. Ауыл прозасында гуманизм, адами қарым-қатынастыр неғұрлым терең көрінеді. Хикаятта әке арқылы бүкіл ауылдың тынысы, туыстық қатынас, бауыр, жанашырлық, мейірім, әулет, отбасы, ұрпақтар сабақтастығы тұтас көрінеді. Әкесінің халін сұрай келе, оның басынан өткен тарихты – ел, халық, ауыл тарихын көз алдынан өткереді. Екі кеңістік, екі түрлі уақыт тоғысады. «Енді міне, келесі жылы баратын әкем хал үстінде жатыр. Жанында отырып, әкеме қатысты өткен күндерді есіме алып, ұят пен өкініштен азап шеккеннен басқа қылар қайраным жоқ. Тіпті мойнымдағы парызымды өтемек түгіл, әкеме өлшеусіз қиянат жасағандай сезінемін өзімді» [1, 57]. «Әкеме бататыны – тұқымына құт дарып, үйдің іші толған бала болып, астаң-кестеңі шығып жатса деген тілегінің орындалмай кеткені» [1, 63].

Баяғыда бір ханның жалғыз ұлы өліп, қайғырғанда, Едіге би:

Ей, ханым, сенің қайғың:

Келелі бидің кеңесінде қалады,

Биік таудың төбесінде қалады,

Өзен судың көбесінде қалады,

Қыран құстың қияғында қалады.

Жүйрік аттың тұяғында қалады.

Сұлу жардың қойнында қалады,

Ұлы тойдың ойынында қалады,

Осы айтқанымды істемесең,

Өле-өлгенше өзіңнің мойнында қалады [1, 61] - деген екен.

Автордың осы реттегі ұстанымы айқын. Барлық болмысымен ауыл

тірлігін, ондағы адамдардың әрекетін қолдап тұр. Ал, Сайлау болса өзінің қалалыққа айналғандығынан қысылады. Ауыл тірлігінен, оның дағдысынан алыстап кеткеніне өкінеді. Әкесінің, атасының басынан кешкен қаншама қиындығы, өмір талқысының мысы басып, өзінің ірі әрекетке бара алмаған қалпынан түңіледі. Шығармада жазушы әр кейіпкерінің жан-дүниесіне терең бойлап, тани түседі. Тіпті әрқайсысының мінез-құлқындағы, тіршілігіндегі ірілі-ұсақты кемшіліктің бәріне кешіріммен қарайды. Қала өркениетінен тысқары қалса да, ауылдың өзіндік мәдениеті, өресі орныққанын, оның көп жағдайда қалалық болмыстан биік тұрғанын мойындатады. Жан дүниесінің тазалығы жағынан да ауылдың қалпы өзгеше, биік. Ауыл моралінің өлшемі әлдеқайда жоғары. Ауыл тақырыбына арналған туындыларда авторлар оның өзгеріссіз қалған бейнесін емес, тарихи уақыттың аясындағы сипатын берген. Әрбір ауыл тақырыбының астарында заманның, тарихтың сұлбасы, ұлттың болмысы жатыр. Тағы бір ерекшелік ауыл кейіпкері ішкі болмысымен, мінез-құлқымен терең сипатталуында. Оның мінезі де табиғи кейіпте беріледі. «Ауыл кейіпкерінің ішкі жан дүниесі кең сипаттала отырып, ол тарихи кезең мен дербес психологиялық ахуалда тең суреттеледі» [2, 91].

Сөздің көркемдік-эмоционалдық қуаты көркем шығармада айқындалады. Ондағы автордың идеясы, ұстанымы көркем-бейнелі беріледі. Сөздің берілу стилі - мәдени норма. Яғни көркем туындының қай жанрдағы түрі де адам баласын терең, бейнелі ойлауға, қиялдауға, ұлттық тілін терең игеруге жетелейді [3, 121]. Ауыл тақырыбына арналған шығармалардың жанраралық сипатын байқауға болады. Ауыл прозасын талдау кезінде ондағы көркемдік құбылыстардың молдығын байқаймыз. Мәселен, лирикалық, натуралистік, философиялық, романтикалық, сентиментальдік сипаттарды табамыз. Яғни ауыл тақырыбына арналған шығармаларды әр түрлі қырынан талдауға болады. Зерттеуші Е.Старикова: «Қазіргі ауыл прозасының әлеуметтік аспектісі» деп аталатын мақаласында бұл прозаны тұтас ағымдық мәні бар шығарма деп қарауға болатындығын [4]; А.Петрик «ауыл прозасы тек әлеуметтік-тарихи тәсілмен қоса, ол туралы тек болжам, интуициялық сезіну» түрінде екендігін айтады [5]. Жазушы Ә.Асқардың «... Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді ...» шығармасы ауыл өмірінің барша келбетін ашады. Қоғамдағы саяси өзгерістің ауыл өміріне тигізген әсерін сипаттау кезінде, автор ауыл тұрғындарының бойындағы, көңіл-күйлеріндегі орын алған сәттерді кең сипаттайды. Хикаят ауыл өміріндегі «қайта құрудан» кейінгі өзгерісті суреттейді. Туындының өзгешелігі ауыл өмірінен алынған оқиғалардың нанымдылығы, юмормен әспеттеліп отыратыны. Осы хикаятқа алғысөз жазған жазушы Ш.Мұртаза: «Ауыл – ана тілінің мәйегі. Автор суреттеген кішкентай ауылдың жанынан осы таяуда ғана археологтар адамзаттың көне мекенін тапты. Алтай Алтай болғалы оның асыл құрсағынан кімдер туып, кімдер өтпеді. Ұрпақтар, әйтеуір, үзіліп қалмай, жалғасып келе жатыр» [6, 5] – дейді.

«Өр Алтайдың төріндегі Төртінші ауыл – қазақтың құт дарыған қасиетті қонысының бірі. Осы өңірдің базарлы шағында бұл ауылда үш көше бар болатын», – деп басталып, шағын ауылдың тарихын қызғылықты баяндап кетеді. Кішкентай ауылда ұлттың тарихы жатыр. Ал, тарих бетінде ұлтқа тән де, тән емес те жағдаяттар қалады. Осы кішкене ауылдың атының өзі қанша рет өзгереді. Ауылдың өзіне тән атауы жер ерекшелігімен байланысты. «Ескі көздің айтуына қарағанда, осы ауылдың ежелгі аты «Айдарлы» екен. Болса болар, бұл ауылдың Алтай жарықтықтың айдарындай тынысты ортада, ырысты жерде тұрғаны рас» [6, 10]. Қазақтың жарым ырысқа тең келетін ырымы көп. Жердің берекелі болуы онда мекендеген елдің ниетіне байланысты. Ата-бабасынан қалған жерді өмір бойы әспеттеген ел, оның қасиетін ұрпақтан ұрпаққа жеткізген.

Көркем шығарманың деректі жанр ықпалында болуы әсіресе өмірбаяндық шығармаларда кездеседі. Елді мекеннің әрбір тұрғыны сол жерге тән тарихты, аңызды естерінде сақтап, кейінгіге жеткізіп отырған. Осы бір ескірмейтін дәстүр – хикаяттың өзегі. Хикаяттағы кейіпкерлердің берілуі нанымды әрі табиғи. Жердің қасиетін бес саусағындай білетін көнекөз ауыл тұрғындарының әр сөзі шегедей берік, анық, көздері жеткен, куә болған дүниелерді ғана айтады. Өр сөздерінің дәйек-дәлелдері де тастай. Осы арқылы табиғи қалыптары өзгермейтін, адал, бірқалыпты, алған беттерінен қайтпайтын өр мінездің адамдары екені байқалады. «Жер тарылып, жұмыс азайған сайын мұндағы жұрттың да көңілдері бұзылып, табандарының бүрі кетіп, тайғанақтай бастады» [6, 13].

«Кеңседен кейін ауылдың мектебі жабылды. Мелс мұғалім шыр-пыр болып, мектеп үшін ауданға дейін барып қайтты. Бәрібір онысынан дәнеңе шығара алмады. Амалы құрыған ол оқушылардың соңғы екеуін қолдарынан жетектіп, Мұқырдағы интернатқа орналастырып қайтты. Мектептен соң дүкен жабылды. Дүкеннен соң, арада бір ай өтпей жатып дәрігерлік пункт жабылды» [6, 13]. «Бір кездері азан-қазан болып жататын берекелі ауылдан небәрі жеті үй қалды» [6, 16].

Қандай да мәтінге тілдік код тән. Сол арқылы мәтіннің негізгі өзегі, идеясы ашылады. Тілдік код әрбір туындының тақырыбынан бастап, соңғы шешіміне дейінгі құрылымдық тұтастыққа, мазмұнның толықтығына жауап береді. Әрине, әр кезең әдебиетіндегі тарихи-қоғамдық, әлеуметтік жағдайларға қатысты мәтінде сол кезеңді айқындайтын тілдік жүйе қалыптасады. Мәселен, өткен ғасырдың басында жарық көрген көркем туындылардағы ауыл тақырыбына қатысты шығармаларда жаңа кейіпкер, жаңа сөздер кірді. Себебі ауылға еніп жатқан ұжымдастыру, колхоздастыру, сауатсыздықты жоқ, өндіріс орындарының бой көтеруі, басқару жүйесіндегі өзгеріске қатысты жаңа лауазым өкілдерінің пайда болды. Енді ауыл адамдарының ішінде әкім, өкіл, ауылнай, болыс, делегат, оқыған азамат сөздері енді. Ауыл тақырыбының дағдылы сюжетіне енген бұл жаңа кейіпкерлердің әрекеті арқылы ауыл өміріне өзгерістер кірді, орысша құжат атаулары, орыс тіліндегі сөздер араласты. Бір қарағанда, өзгеріссіз ауыл тіршілігіне жаңалықтар енді. Сол арқылы жаңа

қолданыстарға елдің құлағы үйренді. Бұл ақпараттық рөл атқарды. Бұл ауыл өмірінің барлық саласына тән болды. Бұрынғы отбасында отырған Раушан мен Күлтай коммунист пен болыс болды. Көзқарастары өзгерді, сөйлеу тілдері, ойлары жетілді. Осы ретте көркем шығармаға енген жаңа ұғымдардың мәні әр деңгейде болды. Мәселен, «мәтін-реципиент», «постмәтін», «қабылдаушы мәтін», «екінші деңгейдегі мәтін» ұғымдары енді. Мәтіннің көркемдік деңгейіне, хабарлау, публицистикалық реңк араласты. Себебі, шығармаға өзек болған тақырып қағамның саяси, әлеуметтік қабаттарындағы өзгерістерді негіз етіп отыр. Сондықтан белгілі бір жағдайда мәтін ішіне қоғамдағы өзгеріс, жаңалықтар ақпарат түрінде араласып отырды. Бұл кейінгі тәуелсіздік кезеңіндегі шығармалардан да байқалды. Жоғарыда аталған «Өр Алтай, мен қайтеін биігінді» хикаятына қатысты да осыны айтуға болады. Қоғамда орын алған «қайта құру» реформасы – шығармадағы басты тақырып». Осы реформа арқылы келген зардаптар шығарманың негізгі тақырыбы. Шалғайдағы ауылдарды жабу, орталыққа көшіру, біріктіру науқаны кіші елді мекендерді айналып өтпеді. Қанша жыл қонысы болған жерлерден адамдар көшіп кете бастаған кезде, ауыл үлкендері алаңдай бастайды. Осы ретте шығармада кішкене ауылдың тарихы бүгінгімен аралас баяндалып отырады.

Хикаятта ауыл өмірін бейнелейтін код жүйесі осы тұста күшейе түседі. Мәселен, Қасиман ұлы Мұратты әскер қатарына шығарып сап тұрып, солқылдап жылайды. Сонда ұлы: «Әке, темекі тарттың деп ұрсушы едің, енді тартпаймын, қоямын, әке! – деп жылағанда әкесі: – тарта бер, құлыным, сен енді әскер болдың, үлкен азамат болдың, енді саған бәрі де рұқсат! – дейді. Осындағы мейірбандықтың, туған адамға деген сүйіспеншіліктің белгісі осындай қарама-қайшы ұғымдарды мақұлдаумен де беріледі. Бұны тек осы ауыл адамының ешкімге ұқсамайтын дарқан пейілін білетін адам ғана түсінеді. Қазақ танымына тән «күшік күйеу» деген ұғым да өзгеше түсіндіріледі. «Алыс ауылдың қиындығына қарамай, тыраштанып адалынан еңбек етіп, Меліс шырағым, сен өз баламыздай бізге бауыр басып кеттің. Сен күшік күйеу емессің. Өйткені сен Зайраға үйленгенге дейін Қасиманның үйінде пәлен жыл пәтерде тұрдың. Қасиман мен Ділбарға туғандай болдың. Сенің еңбегің артығымен сінді бізге. Сайда саны, құмда ізі жоққаңғырған біреу демедік, маңдайынан шертіп қай қызымызды таңдасаң да еркінде еді», - деп жұбатуы табиғи шыққан. [6, 36]. Ауылдың әлеуметтік жағдайы жазушыдан жалпы тұрмыс-тіршілікті, адами қатынастарды терең білуді талап етеді. Ауыл адамдарының айналайыны мен айғайы қатар жүретін мінезі, не жақтап, не жатырқап тұрғанын білу күрделі меңзеулі, астарлы сөз саптастары – ауыл тақырыбындағы шығармаларға тән ортақ ерекшелік. «Құдая тоба, зейнетке шыққан адам денсаулығын бағып, тыптыныш үйде отырушы еді. Біздің шал жердің тесігін бітердей күйбеңдеп, жұмыстан әсте қалсашы: дауа жоқ бұл шалға, дауа жоқ! [6, 51] – деп бәйбішесі Гүлжасал бәйек болады». Ауылдағы жұртта қалған жеті үйдің тәуірі балташы

Байғоныстың кәсіпті тоқтатпаған тынымсыз әрекетін қостамай тұрғанмен, бәйбішесінің сөз астарында құптау да, мақтан көру де байқалады. Сол арқылы көштен қалмай, күйбең тіршіліктен қол үзбей жүрген отағасына деген разылық, жанашырлық байқалады. Осы Байғоныстың қасиеті – ауыл ішінің қысыр әңгімесінен гөрі, су жағасындағы қайың мен талдың тағдыры жақын. Өзіне тапсырған жұмысты қапысыз атқаратын қарияның ауыл ішіндегі беделі де жоғары. Соғыстың үш жылын бастан өткерген майдангер. Сондықтан да өмірбаяны бай қарияға өмірге аса сабырмен, байсалды қарау тән. Сәрсеннің әскерден келген хатының ішінде бір шумақ өлең жүр екен:

Ақ тісім, аузымдағы маржан тісім,
Өзіңсің душар болып сүйген кісім.
Сағынып нұр жүзіңді ойлағанда,
Шыдатпай, от жаққандай қайнайды ішім.
Ақша қарда жорытқан қояндайсың,
Мен Қозы, сен ару Баяндайсың.
Екі көзің тұңғиық, ақыл екен,
Өмірлік менің мәңгі саямдайсың [6, 68].

Қазақ ғұрпында ішкі сырды хатпен, қағазға түсіру салты бар. Бұл екі жастың арасындағы сезімді, түсінісуді арттыра түседі. «Айтар әні де қазір өзгеріп кеткен .. баяғыша бар даусымен шырқап салар биік әуен емес, өзгеше жуас әрі сазды. Жүрек қылын тербегендей мұңға толы:

Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді,
Мерген боп бір атпадым киігіңді.
Жас өмір өтіп жатыр өксуменен,
Кім түсінер іштегі күйігімді ... [6, 69].

«Сан түріне қарасақ, елу екі ерін ұшымен ғана айтылады, ал қырық – тереңнен шығады. Сол себепті қырық елу екіге қарағанда салмақты естіледі» [6, 80]. Бұл уәж көкейіне қонған Кәрім «Неше жыл қой бақтыңыз?», - дегенге «қыр-р-ық жыл, шырағым! – деп қырылдай жауап беріп жүр. Бір жағынан әзіл болғанымен, ішкі астарында шынайылық, дәстүрге деген құрмет жатыр.

Мәтін кеңістігі – жүйелі құрылым. Бұл кеңістік шынайы реалды дүниелерге орын береді. Кеңістікте орналасқан заттар тек көрсетіліп қана қоймайды, ол кеңістік құрылымын айқындап береді. Бұл тұрғыда кеңістікті толтыратын заттар әр қилы болады. Мәселен, «Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді» хикаятының кеңістігі бірде тарылып, бірде кеңейіп; бірде нақтыланып, бірде шартты түрге ойысып отырады. Бұл шығарма сюжетінің желісіне қатысты. Хикаят негізінен нақты мекенді – ауылдың қайта құрудан кейінгі тағдырын суреттеуге құрылған. Кейіпкерлердің саны да шағын, бір-біріне деңгейлес, тағдырлас бірыңғай ауыл адамдары. Тіпті әрбірінің өмірбаяндарын да алақанға салғандай анық біледі. Осы бір ауылдың нақтылы ахуалы тұтас елдің қоғамдық-әлеуметтік құрылысындағы өзекті жайттарды қозғайды. Кішкене

ауылдарды әлеуметтік-көпшілік нысандарын жапқан соң, қызмет істейтін жастағы әлеуетті тұрғындар қоныс аударып кетеді. Елде қалған үлкендер ауылды сақтап қалудың амалын іздейді. Осы тұста сюжеттегі нақтылық тарихпен, елдің басынан өткен жағдайлармен, жеке адамның ғұмырымен ұласып отырады. «Бар өмірін қой соңында еріп, тау басында өткізген Кәрім шал ауылға келген алғашқы жылы үйге сыймай біраз уақыт қиналып жүрді. Безек қағып, көше кезіп кетеді. Көше жалықтырған кезде қыр басына шығып алып, ауылды төбесінен болжап ұзақты күн отырып алады» [6, 84]. Бұл ауылда отырса да, кең тынысты жерін тарсынған қарттың сахараны аңсаған болмысын аңдатады. Таудың қойнауында отырған ауылдың ауасы да тар, жері де тар көрініп, қарт төбе басында кеңістікті аңсап отырады. үйіндегі Наршаның да өзіне қамқор болуы қарттың жүрегін елжіретеді. Қоянға құрған тұзағына құндыз түскен кезде, осыны Наршаға лайықтап, жаға жасап бергісі келеді. Сонда ақылды Нарша: «- Құндыз жаға менің қай теңім! Одан да мен бұл теріден саған әдемілеп тымақ тігіп берейін. Ер-азаматсың ғой, жұрт қазір ер-азаматтың басына қарайды», - деуі қазақ әйеліне тән жарасымды мінезді аңғартады [6, 86].

«Жұртта қалған жеті үй, жеті үйде тұратын сегіз отбасы өздерінше қыбыр-жыбыр қарекетін жасап, былайғы әлемнен жырақта жетім тірлігін кешіп жатты. Былайғы әлем жеті үйді мүлдем ұмытқандай еді. Ауылдың күнбатысынан ирелеңдеген сыңар аяқ соқпақ қана іргедегі үлкен әлеммен жалғастырып жатқан жіңішке жіпке ұқсайтын» [6, 87]. Бұл шығарма кеңістігінің мейілінше шексіздікке ұласуы, жалпы адамзатқа тән ортақ жайтты қозғауы. Кішкене ауыл адамдары әлемнің бір бөлшегі ретіндегі танымдары, армандары бар екендігін көрсетуі. «Электр дегенің өркениеттің белгісі ғой. Электр жарығы, радио мен газет-журналымыз барда біз ешкімнен кем болмаймыз» [6, 90]. «Әліптің артын бағу», «Ескірген ескісін сақтайды, ел болған естісін сақтайды», «Бұршақ қанша секіргенмен, табын қиратпайды», «Қазанға салмағанды қасықпен іздеп әуре болма», «Ақылды ісіне сенеді, ақымақ күшіне сенеді», қорқақ түсіне сенеді», «Ұтқыр сөз бен бейнелі теңеуге келгенде баяғыдан да от ауызды, орақ тілді кісілер баршылық болған қой. Сол бабалар өзенге «Мұқыр» деген атауды қалай ғана дәл тауып қоя салған деп таң қаласың. Мұқыр десе дегендей – ақ... Тау кіндігінен бүктетіле домаланып, өкіре долданып, самауырдай бұрқ-сарқ қайнап жатқаны. Мінезі аузынан ақ көбігін шашыратып, жер тарпып шыр айналған мүйізсіз мұқыр бұқадан аумайды-ау, аумайды» [6, 101].

Әдебиеттану ғылымында көптеген зерттеулер мәтінаралық ықпалдастық мәселелеріне арналғаны белгілі. Мәтінаралық байланыстың теориялық мәселесі өткен ғасырдың алпысыншы жалдары француз постструктуралистері Ю.Кристева мен Р.Бартқа тән болды [7]. Ю.Кристева интертктуалдық деген проблеманы қозғай отырып, кез келген мәтін бір-бірін өзара байланыстырып, бір-біріне кірігіп, жаңа сапа туғызып, кейбір сапа-қасиетті бейтараптандырып

жібереді дейді. Әрбір мәтін екіншіне интертекст болады, онда әр түрлі деңгейде, анық танылатын немесе азырақ танылатын формада қатысады. Яғни өткен мен болашақтағы мәдениет түрлері тоғысады. Сөйтіп, бір мәтіннің құрылымында ұлттық код, тарих, этнография, әлеуметтік, мәдениет түрлерінің ізі, фрагменттері, бейнесі араласып, тоғысып отырады. Сөйтіп мәтіннің ішкі кеңістігін құрайды. Хикаят мәтінінде осы сипаттар сақталған. Бұл ауыл бейнесін суреттеген шығарма болғандықтан, ауылдың тарихы, жер жағдайы, аңыз, ауыл тұрғындарының өмір тарихы үнемі тілге тиек болып отырады. Себебі, жеті үй, сегіз отбасы ғана қалған ауылда кеңістік барынша шағын әрі айқын. Ауыл ішінде өтіп жатқан оқиғаларды детальді сипаттауға мүмкіндік мол. Сонымен қоса, тек ауыл ішіндегі ғана емес, бұл кеңістік әр ауыл адамының басынан кешкен тарихы, жер жағдайы суреттелу арқылы кеңейіп отырады. «Бұл Раздольное совхозы кезінде дәулеті асып, берекеті тасып, дәуірлеп те көрді. Бірақ дәулет те, байлық та қолда мықтап ұстап тұрмаған соң ағаш атқа мінгендей өткінші нәрсе екен. Қазір соның бәрі баяғының садағасындай әлдеқашан ұмыт болған. Әсіресе соңғы жылдары ел өміріндегі «Қайта құру» үрдісіне ереміз деп, бұлардың жағдайы күрт төмендеп кетті. Совхоз шаруашылық есеп деген бәлеге толықтай өтіп еді, ауылды доңыздың жұты тигендей жұтатып ала жаздады» [6, 102]. Осындай өткенге оралу хикаят кеңістігін мейілінше кеңейтеді. Кішкентай ауылдың өмірі үлкен тарихпен, оқиғамен қабат өріліп отырады. Осыған орай мәтіннің кодтық формуласы қалыптасады. Төртінші ауылдан Мұқырға көшіп келгендер бұл жердің жағдайын көріп, көп аялдамай, әрмен асып кетеді.

Буынғаным беліме кемер белдік,
Қоңыр салқын Айдардан неге келдік.
Сапырған сары қымыз ішпес басым,
Шөп-шаламды ас қылған елге келдік [6, 103].

Қара өлең үлгісімен, Лексейдің үйінің борщына тойған адамның шығарғаны.

Кодтық интермәтін – талдаудың бірлігі. Осы тұста интертекст пен интертекстуалдық дегеннің арасын ажыратып алу керек. В.П. Рудневтың түсіндіруінше «интермәтін – бұл мәтінді құрудың негізгі тәсілдерінің бірі. Интермәтін екі негізгі сипаттан туындайды: 1. Мәтін қандай да бір шексіз белгілер универсуумы, ақпараттық кеңістік; 2. Мәтін немесе мәтін фрагменті арқылы өзара интермәтінділік байланыс орнығады [8, 68]. Осы ретте интермәтін алда жасалған мәтінге сілтеме жасау арқылы орнығады. Бұл сілтеме, реминисценция, аллюзия арқылы орындалады. Интермәтінді осылайша құру арқылы «интермәтін пішіні» (В.П. Москвин терминологиясы) орнығады. Сонымен интермәтінділік пен интермәтін мынадай қасиеттері арқылы ажыратылады: интермәтінділік – бұл қабылдаушы мәтіндегі фрагмент немесе тұтас мәтін арқылы, сол сияқты басқа мәтіндердің кодтары негізінде жасалатын

мәтіннің жалпы қасиеті. Ал интермәтін интермәтінділіктің нақты пайда болуы. Осы арқылы интермәтін интермәтінділікті талдаудың бірлігі болып табылады. Интермәтіннің құрама компоненттерін анықтау үшін әр түрлі терминдер қолданылады. Соның ішінен талдауға қажеттісі таңдап алынады. «Екінші деңгейдегі мәтін (вторичный текст) деген терминді таңдап қолдану керек. Бұған қатысты С.В.Ионова: «екінші деңгейлі мәтін – бұл негізгі мәтіннің қайта өзгеруі арқылы жасалған парадигматикалық түрдегі интермәтінділік құбылыс [9, 129]. Бұл мәтін түрі туралы мәселе тек бастапқы мәтін толықтай қайта өзгерген жағдайда ғана қозғалады. Көркем мәтіннің негізін қаламгердің адам өмірінің бейнелі суретін беру құрайды. Көркем мәтіндегі бейне немесе көркем бейне оның өмірінің әлеуметтік сипатын қабылдайтын дербес болмыстағы түрі. Әлеуметтік өмірді бейнелеу жазушыдан өмірді түсінуді, тарихи орта болмысын тануды талап етеді. Алайда көркем шығарма өмірдің нақты көшірмесі бола алмайды. Қаламгер қазіргі әлемнің бейнесін суреттеу арқылы, бір уақытта көркем туындысының қайталанбайтын бейнесін жасайды. Реалды өмірді өзінің «мені» арқылы өткізе отырып, жазушы өзінің көркем әлемін жасауда ақиқат пен ойдан шығарылған өмір элементтерін қабыстырады.

Өр Алтай мен қайтейін биігіңді» хикаяты ұлттық сипатқа толы шығарма. Туындының тақырыбынан бастап, кейіпкерлерінің ой-өрісі, мінез-қалпы, психологиясынан – ұлттық сипат айқын танылады. Қазақ танымында ұйымшылдық, қонағы мен көрші-қолаңның амандығын, жағдайын білісіп, құшақ жая қарсы алу тән. Әрбір туындыған мәселені бірлесіп шешіп, кеңесіп отыру да қазаққа ортақ қасиет. Мәтіннің терминдік мәнін ашу арқылы, оның жаңаша мағынасын ашу да керек. Бұл ұғымның мәнін тереңірек қазбалау тіл ұғымына да келіп тіреледі. Бұл жерде екі тәсілді атауға болады. Біріншісі, тіл алғашқы мәнді айқындайтын категория. Тіл мәтіннің алғышарты, мәтін тіл арқылы туады. Осы тәсілдердің алуан түрлілігінің өзі, тіпті мәтін лингвистиканың негізін құрай отырып, тілді зерттеу мәтіннен туатындығын, басталатындығын назарда ұстаған жөн [10]. Мәтін белгілі бір дәрежеде кодталған құрылым. Осы ретте тіл жабық жүйе бола отырып, көптеген мәтіндердің ашылуына, көбеюіне септеседі. Яғни тіл – жабық жүйе, ал мәтін – уақыттық орталық нүктеде үнемі айналып тұратын құрылым. Осы арқылы мәтіннің лингвистикалық та, әдебиеттанушылық та сипаты ашылады. Екінші тәсіл анағұрлым әдебиеттанушылық еңбектерде немесе мәтіннің жалпы типологиясын арналған мәдениеттану зерттеулеріне сәйкеседі. Бұл ретте зерттеуші И.Резвиннің мынадай пікірі бар: «Егер мәселе туындыны толық талдау туралы болса, онда құрылымдық әдіс «кіші жанрды» талдауда тиімді болмақ» [11, 97]. Ауыл тақырыбына арналған шығармалардың біразында өзге ұлт өкілдері кездеседі. Оны көбіне екінші дүниежүзілік соғыс кезде қазақ жеріне эвакуацияланған ұлт өкілдері арқылы көрінді. Бұл арқылы шығарма тіліне өзге тілдердегі сөздер араласты.

«Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді» хикаятындағы жетім өскен Лексейге қатысты беріледі. «Көшіп келген алғашқы жылдары Лексей де, келіншегі Ольга да қазақшаға шорқақ еді. Қалың қазақтың ортасына түскен соң жүре келе тілдері жаттықты. Сөйтіп жүргенде Лексейдің азан шақырып қойған қазақша есімі де табылды: Алдаберген екен. Ольганың да шын есімі Орынша болып шықты» [6, 107]. «Вот и все», «боже упаси», «чепуха», «культурный», «Ел іші – өнер кеніші» демекші, Мұқыр да таланттардан кенде емес. Бұл ауылдан күміс көмей әншіні де, бал бармақ күйшіні де, жұртты аузына қаратқан дуалы ауыз шешендер мен той басқарған көсемдерді де кездестіруге болады» [6, 116]. «Мұқыр ауылының терістік тұсында жылап аққан жалғыз бұлақ бар. Бұлақтың ежелгі аты – «Әулиебұлақ» болса керек. Ертеректе Мұқыр ғана емес, төмендегі Аршаты мен Өрелдің елі де осы бұлақты әулие тұтып, зиярат қылып, басына түнеп кетеді екен. Баяғыда осы бұлақтың қайнарында мыңжылдық мәуелі балқарағай ағашы өсіп тұрыпты. Бұлаққа келушілер оның бұтақтарына арулап ақ байлап, қасиет тұтқан көрінеді» [6, 126]. Бұл халқымыздың ұлттық санасында сақталған ғұрыпты аңдатады. Сахараны ен жайлаған халқымыз оның тау-тасына, ағашы мен өзен-бұлағына аса құрметпен қараған. Жалғыз жолаушылаған кезде осыларды ес тұтқан. Тұсынан өткенде ырым жасап, қасиеттеп отырған. Кейде арнайы зиярат жасаған. Бұл даламыздың ұлылығын паш етеді. Даланың өз заңы бар. Ауыл адамдарының да өмірге, айнала қоршаған ортаның тіршілігі мен өзгерісіне деген өз көзқарастары мен философиясы бар. Адами тіршіліктерінде жақсы мен жаманды қатар көре отырып, адам баласы ақылын толыстырады, сабырлылық пен шыдамдылықты үйренеді. Ауылдағы көп жағдай бір-біріне жақын, шағын кеңістікте өтеді. Сондықтан олардың бір-біріне деген жанашырлығы, түсіністігі мол.

Мәтіннің келесі қызметі – жаңа ойдың тууы. Бұл аспектіде мәтін жеткізуші мен қабылдаушы арасындағы кейбір ақпараттарды беруде белсенді болады. Бұл тұста мәтіннің басты қасиеті айқындала түседі. Мәтіннің өзі бір жағынан айқын, түсінікті, аяқталған құрылым бола отырып, екінші жағынан ишаралы, меңзеулі, жаңа ойды, ақпаратты тудырушы да. Осы жағынан келгенде мәтіннің барша қасиеті – идеясы, мазмұны, семиотикалық жағы бәрі айқындалады. Мәтін – ойдың қайнар көзі. Ондағы оймен оқырман ортақтасып отырады, жаңа ойға шақырады. Ұлттық танымызға орныққан ауыл туралы бәріміз білетін сияқтымыз. Алайда, хикаятты оқу барысында ауыл өмірінің көп қырлы екендігін, тереңдігін байқаймыз. Қарапайым әрі аңғал ауыл халқының көңілдері ашық, жан дүниелері тұнық. Әрбір сөздерінен ақыл-парасат еседі.

Нәтижелер. Мәтін кезінде біз кейде қосқабатты кодқа кездесеміз. Оны әрбір оқырман өзінше қабылдайды. Сонда кодтың ішінде де доминантты код болады. Ол басқа деңгейдегі немесе оқшауланған (локальді) кодтардың мағынасын айқындауға септеседі. Тіпті фондық (фонобая) код та кездеседі. Ол бейсаналы түрде мәтін құрылымында орын алып, бірте-бірте оқырманның

санасына, танымына енеді. Осы арқылы мәтінде ойын элементі, ишаралау позициясы орын алады. Қандай да бір мәтін өзінше аяқталған, тұйықталған құрылым болса да, ол белсенді семиотикалық жүйе ретінде ұлттың мәдени факторы болады. Мәтін – тілдердің иерархиялық түрде шоғырланатын семиотикалық кеңістік. Көркем шығарма идеясының тереңдігі, мазмұнының кеңдігі қаламгерден көп шығармашылық ізденісті талап етеді. Халқымыздың көнеден келе жатқан тереңнен ойлау қабілеті, ой мен сөздің тең түсіп жататыны осы ауыл прозасында ерекше байқалады. Ауыл адамдарының күнделікті дағдылы тірліктерінен де үлкен философия тудырып отырады. адамдар арасындағы қандай да қатынас өткен күнмен салыстырылып отырады. Ауыл тағдыры арқылы сол өңірдің, жұртшылықтың басынан кешкен жағдаяттары кең қамтылады. Автор бір өңірдің, ауылдың жай-жапсарын баяндау арқылы, жалпы ұлттық мінез, болмыс, дәстүр, тарих туралы кең әңгімелейді. Қазақ прозасында С.Мұратбековтің, Т.Нұрмағамбетовтың, А.Сейдімбектің ауыл өміріне арналған прозасы бар. Мұндағы ортақ жайт – ұлт тағдырының бастауы, туған жерден, атамекен қасиетінен өрбитінін көрсету. Қырғыз жазушысы Ш.Айтматовтың «Ақ кеме» хикаятында да кішкентай қорықтың санаулы адамдары арқылы түп тамырдан ажырап бара жатқан ұрпақты, туған жерінің байлығы мен отбасы құндылықтарын аяқ асты еткен келеңсіздіктер суреттеледі. Мұнда жеті жасар баланың көзқарасы мен қабылдауы арқылы ұлттың танымына, салт-дәстүрге салмақ болатын жайттар суреттеледі. Осыған ұқсас сюжет С.Мұратбековтің «Жабайы алма», Т.Нұрмағамбетовтің «Қарлығаштың ұясы», Ж.Мусиннің «Туған үйдің түтіні» шығармаларынан аңғарылады. Мұндағы шағын ауыл адамдарының тұрмысы, қарым-қатынасы, психологиясы көрінеді. «Ақ кемедегі» жеті жасар бала мен «Қарлығаштың ұясындағы» бала кейіпкердің екеуіне тән ортақ қасиет – туған үйдің, ата-ананың, отбасы жылудығының аздығы. Бұл құндылықтар азайған жерде ауыртпалық бұғанасы қатпаған балалардың мойнына түседі. Бұл ұлғая келе, қоғам алдындағы парызға ұласады.

Ауыл өмірі туындыға негізгі өзек болатындықтан, мұнда салт-сана, дәстүр жиі көрінеді. Солардың бірі - тіл-көз тию. «Тіл-аузың тасқа тигір, көгермегір жұрт маңдайына арыстай бес ұл берген Жармағамбеттің ырысы не деген кең еді деп жүруші еді. Біздің тұқымға тіл-көз тиді. Мінеки, сол тұқымына құт дарыған Жармағамбеттен жалғыз қалдым. Менен жалғыз ұл, жалғыз шаңырақ, міне, сенсің. Сенің басың ауырып, балтырың сыздаған сайын мен қалтырамағанда, кім қалтырайды» [6,132]. Бұл өзінің өмірін емес, тұтас әулеттің, ұрпақтың қамын ойлаған әкенің бейнесі. Ауыл прозасында фольклорлық элементтердің кездесуі, қарапайым ауызекі тіл мен баяндаудың кірігуі заңдылық. Жергілікті диалекттер де орын алады. Алайда қарапайым баяндаудың көркемдігі өзінше көрінеді. Яғни субъективті-лирикалық, субъективті-эпикалық, субъективті-фольклорлық элементтер кездеседі. Шығармадағы автордың ұстанымы айқын.

Қорытынды. Ұлт болмысын бойына сіңірген қаламгер ретінде ауыл өмірінің жаңдануына, ауыл адамдарының тіршілігінің үзілмеуіне, оның ар жағында ұлттық дәстүрдің тамырының берік болуына ықыласты. Автордың бұл қасиеті шығарманың өне бойынан көрінеді. Ата қоныстың киесі, туған жердің түтінінің үзілмеуі – автордың басты мүддесі. Туған жер, атамекен тақырыбы автордың экзистенциалды көңіл-күйін де тудырады. Жалпы туған жер тақырыбына жазылған кез келген жанрдағы туындыға осы сипат тән.

Әдебиеттер

1. Әбдікұлы Т. Парасат майданы. – Алматы: Раритет, 2012. – 616 б.
2. Анализ литературного произведения / Под ред. Л.Емельянова. – Л.: Флинта, 1989. – 185 с.
3. Байтанасова Қ. Тәуелсіздік: сөз өнері және ұлттық код // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Филология. – №4 (184) / 2021. – Б. 210-218. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph20>
4. Старикова Е. Социологический аспект «современной деревенской прозы»/ Вопросы литературы. – №7. – 1982.
5. Петрик А. Деревенская проза: Итоги и перспективы изучения / Человек. Культура. Образование. Научно-образовательный и методический журнал. –№2. – 2011.
6. Асқаров Ә. Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді. – Алматы: Раритет, 2016. – 312 б.
7. Кристева Ю. Семиотика: Исследования по семанализу/ пер. Е. Орловой. – М.: Академический проспект, 2013. – 285 с.; Барт Р. Введение в структурный анализ повествовательных текстов/пер. Г.Косикова. – М.: МГУ, 1987. – 450 с.
8. Руднев В. Энциклопедический словарь культуры XX века. – М.: Аграф, 2001. – 409 с.
9. Ионова С. Аппроксимация содержания вторичных текстов. – Монография. – Волгоград: ВолГУ, 2006. – 380 с.
10. Turysbek R.S., Sarekenova K.K., Baitanasova K.M. Myrzakhmetov A.A., Aimukhambet Z.A. The role of historical figures and legend motifs in the modern prose structure in expressing the idea of statehood // ASTRA Salvensis. – 2021. – P. 383-393. ISSN 19930909.
11. Резвин И. Структура языка как моделирующей системы. – М.: Наука, 1978. – 287 с.

К.М. БАЙТАНАСОВА

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана,
Казахстан

Аннотация. Быстрые изменения в современном обществе влияют на сознание, социальный статус и отношения широких масс. В тренде мирового развития наук, динамику развития глобальных идей можно проследить, прежде всего, по развитию гуманитарных наук. Это взаимодействие наблюдается и в литературоведении. Своеобразие литературы каждой эпохи

отражено в теме и проблеме, которую она поднимает. Святость страны, земли, передача национального самосознания – неотъемлемая часть художественного произведения. Это находит отражение в социальной природе, тематике и идейности художественного произведения. Возникновение любой темы вытекает из особенностей литературы того периода, и это глубоко волнующий вопрос. Разделение произведений искусства на некоторые тематические классификации можно назвать в известной степени условным. В семидесятые годы 20 века утвердилось мнение, что группировка литературных произведений по темам осуществляется на основе классификации критиков. В любом случае, при описании и оценке своеобразия литературы того периода, возникла необходимость их определения с тематической и идейной точек зрения. Таким образом, устанавливается тема и проблема, которую каждый творческий представитель более глубоко описывает в свою эпоху. В описании явлений того или иного села и района несомненно наличие территориальных особенностей, топонимических названий, признаков, характерных для местного региона.

Ключевые слова: ментальность, деревенская проза, национальный характер, документальность, художественность

К.М. БАЙТАНАССОВА

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Annotation. This interaction is also observed in literary criticism. The peculiarity of the literature of each era is reflected in the thema and the problem that it raises. The sanctity of the country land the transfer of national identity is an integral part of a work of art. This is reflected in the social nature, themes and ideological content of a work of art. The emergence of any topik stems from the characteristics of the literature of that period, and this is a deeply moving question. The division of works of art into certain thematic classifications can be called conditional to a certain extent. In the seventies of the 20 th century, the opinion was established that the grouping of literary works by topic is carried out on the basis of the classification of critics. In any case, when describing and evaluating the originality of the literature of that period, it became necessary to define them from the thematic and ideological points of view. And in the description of the phenomena of a particular village and region, there is undoubtedly the presence of territorial features, toponymic names, signs characteristic of the local region.

Keywords: mentality, village prose, national character, documentary, artistry

References

1. Äbdikūly T. Parasat maidany. – Almaty: Raritet, 2012. – 616 b.
2. Analiz literaturnogo proizvedenia/ Pod red. L.Emelänova. – L.: Flinta, 1989. – 185 s.

3. Baitanasova Q. Täuelsızdık: söz öneri және ülttyq kod // äI-Farabi atyndağy QazÜU Habarşysy. Filologia. – №4 (184)/2021. – B. 210-218. <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/3640>
4. Starikova E. Sosiologicheski aspekt «sovremennoi derevenskoi prozy» / Voprosy literatury. – №7. – 1982.
5. Petrik A. Derevenskaia proza: İtogi i perspektivy izucheniya / Chelovek. Kültura. Obrazovanie. Nauchno-obrazovatelnyi i metodicheski jurnal. – №2. – 2011.
6. Asqarov Ä. Ör Altai, men qaitein biğrñdı. – Almaty: Raritet, 2016. – 312 b.
7. Kristeva İu. Semiotika: İssledovania po semanalizu / per. E. Orlovoi. – M.: Akademicheski prospekt, 2013. – 285 s.; Bart R. Vvedenie v strukturnyi analiz povestvovatelnyh tekstov/per. G.Kosikova. – M.: MGU, 1987. – 450 s.
8. Rudnev V. Ensiklopedicheski slovär kültury XX veka. – M.: Agraf, 2001. – 409 s.
9. İonova S. Aproksimasiya soderjaniya vtorichnyh tekstov. – Monografiya. – Volgograd: VolGU, 2006. – 380 s.
10. Turysbek R.S., Sarekenova K.K., Baitanasova K.M. Myrzakhmetov A.A., Aimukhambet Z.A. The role of historical figures and legend motifs in the modern prose structure in expressing the idea of statehood // ASTRA Salvensis. – 2021. – P. 383-393. ISSN 1993 0909.
11. Rezvin İ. Struktura iazyka kak modeliruiuşei sistemy. – M.: Nauka, 1978. – 287 s.

Автор туралы мәлімет:

Байтанасова Қарлығаш Медетқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетнің профессоры, Астана, Қазақстан.

Байтанасова Қарлығаш Медетовна – кандидат филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Baitanasova Karlygash Medetovna – Candidate of Philology, Professor of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.